

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 239 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 15 қарашада № 14423 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу тәртібін және талаптарын белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Бағалы қағаздар нарығы департаменті (Хаджиева М.Ж.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О. А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 239 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі (бұдан әрі – Бағалы қағаздар нарығы туралы заң) Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының мемлекеттік ақша-кредит саясатын (бұдан әрі – ақша-кредит саясаты) іске асыру шеңберінде жеке тұлғалардың арасында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу тәртібі және талаптарын анықтайды.

2. Қағидаларда Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы (бұдан әрі – КЖТҚҚ туралы заң), "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бір реттік код – жеке тұлғаның сұрауы бойынша бағдарламалық-аппараттық құралдармен жасалатын және жеке тұлғаның Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алуына немесе сатуына рұқсат бергенде бір реттік пайдалануға арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей қатары;

2) веб-портал – жеке тұлғаға Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алуға немесе сатуға қол жеткізу орнын ұсынатын ақпараттық жүйе;

3) жеке тұлғаны сәйкестендіру – жеке тұлғаның шот және (немесе) электрондық әмиян ашу және Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарымен мәмілелерді жүзеге

асыру құқығын нақты растау мақсатында жеке тұлғаның нағыз өзі екенін айқындау рәсімі;

4) көп реттік код – жеке тұлғаның сұрауы бойынша бағдарламалық-аппараттық құралдармен жасалатын және жеке тұлғаға Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алуға немесе сатуға рұқсат берілген кезде белгілі бір уақыт кезеңі ішінде көп рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей қатары;

5) кірістілік мөлшерлемесі – Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын орналастыру немесе құнын төлеп алу бағасын есептеу үшін пайдаланылатын жеке тұлғалардан Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатуға немесе құнын төлеп алуға жасалатын мәмілелердің параметрі;

6) алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 188 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7) Орталық – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

8) уәкілетті бөлімше – Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын шығаруға және орналастыруға жауапты Ұлттық Банктің бөлімшесі;

9) Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын құнын төлеп алу – Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарының айналыс мерзімі аяқталғанға дейін оларды бағалы қағаздардың қайталама нарығында Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын одан әрі сату мүмкіндігімен Ұлттық Банктің оларды ұстаушы болып табылатын жеке тұлғадан сатып алуы;

10) Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын өтеу – эмитенттің Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарының (кейіннен сату мақсатынсыз) номиналды құнын электрондық ақшамен төлеу жолымен орналастырылған қысқа мерзімді ноталарын айналыстан алу әрекеттері;

11) шот – орталық депозитарий Ұлттық Банкке және (немесе) мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесінде жеке тұлғаға ашылған Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын есепке алуға арналған шот;

12) электрондық әмиян – микропроцессор (чип), дербес компьютердің бағдарламалық қамтамасыз етуі, операторы Орталық болатын және (немесе) оларға рұқсатты қамтамасыз ететін электрондық ақша жүйесінде пайдаланылатын электрондық ақша сақталатын өзге бағдарламалық-техникалық құрал;

13) электрондық қосымша – мобильді телефондарда және өзге құрылғыларда не веб-порталдарда Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу немесе сату қызметін жеке тұлғаларға ұсынуға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 188 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес орталық депозитарий Ұлттық Банктің және жеке тұлғалардың шоттары бойынша Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын және олар бойынша құқықтарды есепке алуды жүзеге асырады.

4. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу кезінде Ұлттық Банктің, Орталықтың және орталық депозитарийдің өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу тәртібі Ұлттық Банк, Орталық және орталық депозитарий арасында жасалған шарттармен реттеледі.

5. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары бойынша салық салу мәселелері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 341-бабымен және 74-тарауымен реттеледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру және айналысқа жіберу

6. Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары – Ұлттық Банкі эмиссиялайтын, олар бойынша міндеттемелерді Ұлттық Банкі көтеретін мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар.

7. Ұлттық Банктің бір қысқа мерзімді нотасының номиналды құны 100 (жүз) теңгені құрайды.

8. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын шығару үшін Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты жөніндегі техникалық комитеті олардың түрін, айналыс мерзімін, өтеу күнін, орналастыру көлемін және кірістілік мөлшерлемесін қоса, Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру және өтеу талаптарын анықтау бойынша ұсынымды әзірлейді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын орналастырудың басталған күніне дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей берген уәкілетті бөлімшенің өтінімі негізінде орталық депозитарий Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарының шығарылымына халықаралық сәйкестендіру нөмірін (ISIN кодын) береді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 188 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 188 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын орналастыруды Ұлттық Банк оларды жеке тұлғаларға электрондық ақшаға сату арқылы жүзеге асырады.

12. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын бағалы қағаздардың бастапқы нарығында орналастыруды, Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын бағалы қағаздардың қайталама нарығында сатуды немесе құнын төлеп алуды Ұлттық Банк Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарының айналыс кезеңі ішінде жүзеге асырады.

13. Орталық депозитарий Ұлттық Банктің бұйрықтарынсыз Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын олардың айналыс мерзімі ішінде Ұлттық Банктің шотынан (шотына) есептен шығаруды (есепке жазуды), сондай-ақ Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары бойынша кірістің құнын төлеуді жүзеге асырады.

14. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын айналысқа жіберу Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын шығару және орналастыру талаптарына сәйкес орналастыру күнінен басталады.

15. Айналыс кезеңі ішінде Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын орналастыру, сату және құнын төлеп алу бағасы осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын орналастыру, сату, құнын төлеп алу бағасын айқындау әдістемесіне сай күнделікті есептеледі және ол электрондық қосымшада болады.

16. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын құнын төлеп алу осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес орналастыру, сату, құнын төлеп алу бағасын айқындау әдістемесіне сай Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын құнын төлеп алу күні есептелген баға бойынша жүзеге асырылады.

17. Жеке тұлғаның ашылған шоты және (немесе) электрондық әмияны болмаған жағдайда жеке тұлға электронды қосымша арқылы орталық депозитарийге және Орталыққа шот және (немесе) электрондық әмиян ашуға өтінім жібереді.

18. Шот және (немесе) электрондық әмиян ашу өтінімінде мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 2) жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 3) мобильді телефон нөмірі;
- 4) электрондық пошта мекенжайы;

5) Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген жеке тұлғаны сәйкестендіру мақсатында орталық депозитарийге, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және өзге үшінші тұлғаларға жеке тұлғаның дербес деректерін жинауға, өңдеуге және жариялауға келісімі туралы белгі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

19. Жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін мыналар пайдаланылады:

1) жеке тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы;

2) немесе Орталық және орталық депозитарий ақпарат алмасу туралы келісім жасаған екінші деңгейдегі банк немесе Ұлттық пошта операторы шығарған төлем карточкасының деректемелері (төлем карточкасының нөмірі, қолданылу мерзімі, төлем карточкалар жүйесінің атауы);

3) немесе орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке тұлғаға ашылған қосалқы шоттың нөмірі;

4) немесе Қағидалардың 18-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында бар мәліметтер;

5) немесе орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген жеке тұлғаны сәйкестендіру тәсілдері.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

19-1. Жеке тұлғаны Қағидалардың 19-тармағының 1) тармақшасында көзделген тәсілмен сәйкестендіру кезінде электрондық қосымшада шот және (немесе) электрондық әмиян ашу өтініміне клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Ескерту. Қағида 19-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2017 № 196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

20. Орталық депозитарий шот және (немесе) электрондық әмиян ашуға өтінімді алған кезде клиентті КЖТҚҚ туралы заңға сәйкес тиісті тексеруін жүзеге асырады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Орталық шот және (немесе) электрондық әмиян ашуға өтінімді алған кезде операторы Орталық болатын жеке тұлғада электрондық әмиянның электрондық ақша жүйесінде болуын тексереді.

22. Жеке тұлға шот және (немесе) электрондық әмиян ашуға өтінімді беру кезінде электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иесіне ашылған электрондық әмиянның деректерін көрсеткен жағдайда, электрондық ақшаның иесі болып табылатын жеке тұлғаны сәйкестендіру шот және (немесе) электрондық әмиян ашуға өтінімді өңдеу нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес Орталық клиент туралы алған ақпараттың негізінде жүргізіледі.

23. Жеке тұлғаның электрондық әмияны болмаған жағдайда Орталық электрондық ақшаның сәйкестендірілген иесі ретінде жеке тұлғаға электрондық әмиян ашады және электрондық қосымша арқылы алынған жеке тұлғаның келісімі негізінде электрондық

әмиянның нөмірі және оны ашу күні не электрондық ақшаның сәйкестендірілген иесі ретінде жеке тұлғаны сәйкестендіру күні бойынша орталық депозитарийге мәліметтер береді.

Орталықтан электрондық әмиянның нөмірі және ашу күні туралы мәліметтерді алған кезде орталық депозитарий жеке тұлғаға шот ашады.

24. Шот және (немесе) электрондық әмиян ашуға өтінімді қараудың нәтижесі бойынша орталық депозитарий жеке тұлғаға электрондық қосымша арқылы мынадай мәліметтер қамтылған хабарлама жібереді:

- 1) электрондық әмиянды ашу кезінде – электрондық әмиянды ашу күні және нөмірі;
- 2) шот ашу кезінде – шот ашу күні және нөмірі;
- 3) электрондық әмиянды және (немесе) шотты ашудан бас тартқан кезде – бас тарту себебі.

25. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу-сату мәмілелері жеке тұлға мен Ұлттық Банктің арасында жасалады.

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарымен мәмілелер жасауға шоты, электрондық әмияны бар, электрондық ақшаның сәйкестендірілген иесі болып табылатын және орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес жеке тұлғаны сәйкестендіру рәсімін өткен жеке тұлғаға рұқсат етіледі.

26. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарымен мәмілелер жасау үшін жеке тұлға электрондық қосымша арқылы Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алуға немесе сатуға өтінімді жібереді, онда Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алуға немесе құнын төлеп алуға мәлімденген саны көрсетіледі.

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарымен мәмілелер жасау кезінде жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін бір реттік немесе көп реттік код пайдаланылады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алуға жеке тұлғаның өтінімін алған кезде орталық депозитарий операторы Орталық болып табылатын электрондық ақша жүйесіне жеке тұлғаның электрондық әмиянынан Ұлттық Банктің электрондық әмиянына Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу сомасына электрондық ақшаны аудару туралы нұсқауды жібереді.

Жеке тұлғаның электрондық әмиянында электрондық ақша жеткілікті болған жағдайда Орталық жеке тұлғаның электрондық әмиянынан Ұлттық Банктің электрондық әмиянына Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу сомасына электрондық ақша аударылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Ұлттық Банктің электрондық әмиянына Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алуға жеке тұлғаның электрондық ақшасының жеткілікті сомасы түскенде орталық депозитарий Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу-сату мәмілелерін тіркейді және Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын Ұлттық Банктің шотынан Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алуға жеке тұлғаның өтінімінде көрсетілген мөлшерде есептен шығарады және оларды жеке тұлғаның шотына есепке жазады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29. Жеке тұлғаның Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатуға өтінімін алғанда және бас тарту үшін Қағидалардың 31-тармағымен белгіленген негіздер болмағанда, орталық депозитарий Ұлттық Банктің электрондық әмиянынан жеке тұлғаның Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу бағасына тең сомадағы және (немесе) орталық депозитарийдің электрондық әмиянынан Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары бойынша кіріс сомасына тең сомадағы электрондық ақшаны жеке тұлғаның электрондық әмиянына аударуға Орталыққа нұсқауды жібереді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

30. Осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген электрондық ақшаны аудару туралы нұсқауды алғанда, Орталық Ұлттық Банктің электрондық әмиянынан жеке тұлғаның Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу бағасына тең сомадағы және (немесе) орталық депозитарийдің электрондық әмиянынан Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары бойынша кіріс сомасына тең сомадағы электрондық ақшаны жеке тұлғаның электрондық әмиянына аударады.

Ұлттық Банктің және (немесе) орталық депозитарийдің электрондық әмияндарынан Орталық жеке тұлғаның электрондық әмиянына электрондық ақшаны аударғаннан кейін, орталық депозитарий Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын жеке тұлғаның шотынан Ұлттық Банктің шотына аударады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

31. Орталық депозитарий мына негіздердің бірі бойынша:

1) Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу үшін жеке тұлғаның электрондық әмиянында электрондық ақша жеткілікті болмағанда немесе жеке тұлғаның шотында сату үшін Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары жеткілікті мөлшерде болмағанда;

2) егер Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары, Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу немесе сатуға жеке тұлғаның өтінімінде көрсетілген жеке тұлғаның шотын және (немесе) жеке тұлғаның электрондық әмияны бұғатталған болса;

3) жеке тұлғаға тиесілі және жеке тұлғаның шотындағы Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарына ауыртпалық салынған жағдайда;

4) КЖТҚҚ туралы заңның 13-бабында көзделген негіздер бойынша;

5) орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген жағдайларда Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу немесе сатуға жеке тұлғаның өтінімін қанағаттандырудан бас тартады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32. Осы Қағидалардың 31-тармағында көзделген Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу немесе сатуға өтінімін орындаудан бас тартуға негіздеме болғанда, орталық депозитарий бас тарту себептерін көрсетумен жеке тұлғаға хабарлама жібереді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарының айналысы Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын шығару және орналастыру талаптарымен белгіленген оларды өтеу күніне дейінгі бір күн бұрын аяқталады.

3-тарау. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын өтеу

34. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын өтеу осы тарауға және орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес номиналды құны бойынша жүзеге асырылады.

35. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын өтеу күнінің алдындағы жұмыс күні Алматы қаласы бойынша сағат 12.00-ден кешіктірмей орталық депозитарий Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын өтеу күні Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын ұстаушылардың тізілімін жасайды.

36. Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын өтеу күнінің алдындағы жұмыс күні Алматы қаласы бойынша сағат 16.00-ден кешіктірмей орталық депозитарий Ұлттық Банкке Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарының саны және Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын өтеу кезінде жеке тұлғаларға құнын төлеу сомасы туралы хабарлама жібереді.

37. Орталық депозитарий өтеу күні Алматы қаласы бойынша сағат 14.00-ден кешіктірмей орталық депозитарий Ұлттық Банктің электрондық әмиянынан жеке

тұлғаның Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу бағасына тең сомадағы және орталық депозитарийдің электрондық әмиянынан Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталары бойынша кіріс сомасына тең сомадағы электрондық ақшаны жеке тұлғаның электрондық әмиянына аударуға Орталыққа нұсқауды жібереді.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

38. Орталық Қағидалардың 37-тармағына сәйкес орталық депозитарийден алған электрондық ақшаны аудару туралы нұсқауға сәйкес Ұлттық Банктің және орталық депозитарийдің электрондық әмияндарынан жеке тұлғаның электрондық әмиянына электрондық ақшаны аударды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39. Орталық Ұлттық Банктің және орталық депозитарийдің электрондық әмияндарынан жеке тұлғаның электрондық әмиянына электрондық ақшаны аударғаннан кейін, орталық депозитарий Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын өтеу мақсатында Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын жеке тұлғаның шотынан есептен шығарады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің қысқа мерзімді
ноталарын шығару,
орналастыру, айналысқа жіберу
және өтеу қағидаларына
қосымша

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарын орналастыру, сату, құнын төлеп алу бағасын айқындау әдістемесі

Ұлттық Банктің айналыстағы қысқа мерзімді ноталарын орналастыру, сату, құнын төлеп алу бағасын Ұлттық Банк мына формула бойынша айқындайды:

$$P = P_n / (1 + (Y/365 * (T/100)))$$

мұнда:

P_n – номиналды құны

P – қысқа мерзімді ноталарын орналастыру/құнын төлеп алу бағасы;

Ү – кірістілік мөлшерлемесі, оның мөлшері Ұлттық Банктің консультативтік-кеңесші органы – Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты жөніндегі техникалық комитеттің ұсыну күні айқындалады және Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноталарының айналыс мерзімі ішінде өзгеріссіз қалады;

Т – өтеуге дейін күндердің саны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК